



9 мамыр - Жеңіс күні

АРДАГЕРДІ ЕСКЕ АЛУ МАҚСАТЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Сәуір айының 28-29 күндері Ұлы Отан соғысының ардагері Дүйсекұлы Төкей атамызды еске алуға арналған дзюдодан 2008-2010 жылдары туылған кіші жасөспірімдер арасындағы Қарағанды облысының ашық турнирі өтті.

Турнирдің салтанатты ашылуында аудан әкімінің орынбасары О.Стыбаев пен ардақты атамыздың ұлы Нұрлан Төкейұлы сөз сөйлеп, барша қатысушыларға сәттілік тіледі. Турнирге еліміздің әр түкпірінен 200-ге тарта жас балуандар қатысып, өзара бақ сынасты. Боз кілемде жауырыны жерге тимеген небір жас балуандар белдескен сайыс нәтижесінде жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы баға-

лы сыйлықтар мен кубок, медальдармен марапатталды. Алдағы уақыттарда турнирімізді республикалық дәрежеде өткізуді мақсат етіп отырмыз.

Атамыз Дүйсекұлы Төкей, руы Керней, 1919 жылы Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. 1939 жылы әскерге аттанады, екі жыл әскери борышын өтеп болғанда, 1941 жылы соғыс басталып, елге келместен майданға аттанады. Зеңбірек оғының жарықшағынан атамыз жарақат алып, 1944 жылы елге қайтады. Әрі қарай ауылға оралған соң, еңбек жолын Шет ауданындағы Орджоникидзе кеңшарында бастап, 22 жыл слесарь болып еңбек етеді. Қазірде артында қалған 9 ұрпағы және аяулы да, ардақты әжеміз Аллаға



шүкір ортамызда. Атамыз 1978 жылы 61 жасында ауыр сырқаттан қайтыс болды.

Бұл күндері немерелері де әр алуан мамандық иелері болып отыр. Атамыздың өмірлік жолы, болашақ ұрпақтары үшін үлкен мақтаныш пен үлгі-өнеге болатынына сенеміз. «Жақсының аты өлмейді» - деген шындық шығар, сірә. Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Өткен адам болады

көзден таса, өлді, өшті болады көзден таса, ол кетсе де белгісі жоғалмайды, керектісін ескеріп ұмытпаса», - демекші, атамыздың жақсылықтары өшпейді, рухы біздің арамызда мәңгі бірге жасай бермек. Асқар таудай болған атамыз ортамыздан кеткеніне 45 жылға жуық уақыт өтіпті. Артында қалған ұрпақтары сағынышпен еске ала

отырып, үлкенге деген құрмет, ізет ретінде аз да болса шексіз алғысымызды білдіріп отырмыз. Оқыған дұғамыз қабыл болып, атамыздың жаны жұмақта болғай!

Марат ДУСОВ,
турнирді ұйымдастырушы.
Ақсу-Аюлы БЖСМ әдіскері.

